<table><tr><th>Кейіпкерлер</th><th>Мінездеме</th><th>Кейіпкер бойынан сіз ұнатқан қасиеттер бар ма?Қандай?Атап өтіңіз.</th><th>Қазіргі жастармен ұқсастығы бар ма?Салыстыруға келе ме?</th></tr><tr><td>Шұға</td><td>Шұғаның ажарлығымен қоса мінезінің салмақты ұстамды, ақылды екенің көрсетеді. аққұба, талдырмаш, қара көзді қыз. Үріп ауызға салғандай.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Әбдрахман</td><td>Қазақбайдың баласы, еңбеккор, біраз оқыған, сауаты бар мұғалім.</td><td></td><td></td></tr></table>
Сергіту сәті: Оқушылар мұғалім айтқан сөздерді қимылмен орындайды.
-Сазды, балшықты жерде келе жатырсыздар?
-Батпақты жерде келе жатырсыздар?
-Өзенде жүзіп келе жатырсыздар?
-Тегіс жолда келесіздер?
Енді қолдарыңызға ДҮРБІлеріңді алып, экранға қараңыздар?
- Не көріп тұрсыздар? (КАРТА)
-Қай елдің картасы (ҚАЗАҚСТАН)
-Мен сіздерге қай облыстың аумағын көрсетіп тұрмын (ҚОСТАНАЙ)
Мұның бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар? (Ақынның туған жері)

4-тапсырма. «Шұғаның белгісі» шығармасмында Б.Майлиннің образ жасауы.
Дескриптор:
➢ берілген кестелерге Б.Майлиннің Шұғаға,Әбдірахманға,Күлзипаға келтірілген образдарды жазыңыздар.
Өзіңізді тексеріп көріңіз!</td>
<td>жастарымен салыстырады.


Оқушылар мұғалім айтқан сөздерді қимылмен орындайды.

Шұғаға,Әбдірахманға,Күлзипаға келтірілген образдарды жазады.


Повестің желісі бойынша деректерді анықтайды.</td>
<td>презентация № 5 Қима қағаздар</td>
</tr>
</table>



5-тапсырма. «Пікір пирамидасы» Повестің желісі бойынша деректерді анықтайды.



Өзіңізді тексеріп көріңіз!



Қорытынды:

- ❑ Шығарма мазмұнын түсіндіңіз;
- ❑ Шығармадағы негізгі оқиғаларды анықтадыңыз;
- ❑ Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасадыңыз;

Кері байланыс
«Аяқталмаған сөйлемдер»

- ❖ Бүгін мен.....білдім
- ❖ .....қызық болды.
- ❖ .....қиын болды.
- ❖ .....мені таң қалдырды.
- ❖ .....екенін түсіндім.

Бағалау.
Оқушының аты-жөні :


_____
_____

1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	4-тапсырма	5-тапсырма
1	**1**	**1**	**1**	**1**
2	**2**	**2**	**2**	**2**

Жалпы балл саны:
Үйге тапсырма: «Ой Шұға десе, Шұға екен-ау» ойтолғау жазу.

Кері байланыс жүргізеді. Бағалау парағын толтырады. Жалпы балл санын анықтайды.

Жайлаубаева Гульнур Мырзагалиевна
Бастауыш сынып мұғалімі
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназия
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы



АБАЙ ТАБИҒАТ ЖЫРШЫСЫ. ЖАЗҒЫТҰРЫ

Білім беру ұйымы	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназия
Пәні:	Абайтану
Педагогтің аты –жөні:	Жайлаубаева Г. М.
Күні:	
Сынып:	3
Сабақтың тақырыбы:	Абай табиғат жыршысы.Жазғытұры
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға Абайдың табиғат лирикасымен таныстыру.Жазғытұры өлеңіндегі табиғат көрінісін сезініп, суреттеп айту.Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.
Бағалау критерийі:	Түсіну, білу, қолдану

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі\уақыты	Педагогтің іс- әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас тыру 3 минут	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгендеу. «Табиғаттың әуені» ойыны:мұғалім табиғат дыбыстарын (құстар, су, жел) айтады, оқушылар қандай маусым екенін табады.	Психалогиялық жаттығу арқылы көңіл күйлерін қалыптастырады	ҚБ. мақтау	
Өткен білімді еске түсіру 5 минут	**«Дұрыс- бұрыс» әдісі** -Абай композитор да болған. (Дұрыс) -Абай Шымкентте туған. (Бұрыс) -Абайдың өлеңдерінде табиғат суреттелмейді (бұрыс) -Абай тобықты руынан тараған. (Дұрыс) -Абайдың 47 қара сөздері бар (Бұрыс)	Дұрыс -бұрыс екенін айтады	Жарайсың!	
Жаңа білім 30 минут	-Абай 10-12 жасынан өлең жаза бастаған. (Дұрыс) **Қызығушылықты ояту:** Сурет көрсету:көктемгі дала Сұрақ: «Көктемді қалай сипаттар едіңдер?» -Абай Құнанбайұлы туралы қысқаша мәлімет. -«Жазғытұры» өлеңін мұғалімнің мәнерлеп оқуы -Оқушыларға рөлге бөліп, дыбыстап оқу.	Сұрақтарға жауап береді Өлеңді оқиды		Суреттер
	Талдау Өлеңнен табиғат суреттерін табу. (жасыл шөп, күн жылуы, малдың жайылуы) Автордың көңіл- күйін анықтау.	Бірге талдайды	«Бас бармақ» әдісі	

Бекіту **5 минут** **Кері байланыс** **2 минут**	Негізгі ой: көктем қуаныш, еңбек маусымы. **Топтық жұмыс:** 1-топ: Өлеңнен табиғат белгілерін суреттеп жазу. 2-топ:Өлеңді қысқаша мазмұндау. 3-топ: Табиғатқа арнап шағын тілек. Сурет салу. **«Бір сөзбен» әдісі:**оқушылар өлеңнен алған әсерлерін бір сөзбен айтады. (мысалы:шуақ, көктем, әсемдік, береке) Ауызша бағалау «Жарайсың!», «Өте жақсы!»	Топпен жұмыс жасайды Бір сөзбен жеткізеді	«Шапалақ тау» әдісі	Дәптер, А3 қағазы

Марданова Райхан Слямбековна
Учитель русского языка и литературы
КГУ "Средняя школа имени А.Байтурсынова"
с.Манырак, Тарбагатайский район, ВКО



Г.Х.АНДЕРСЕН «СНЕЖНАЯ КОРОЛЕВА»

Раздел:	**VII. Герои и антигерои: реальность и выдуманные истории**	
Дата:	ФИО учителя: Марданова Р.С Школа: КГУ «Средняя школа имени А.Байтурсынова»	
Класс: 6 (с казахским языком обучения) **Урок**	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:
Тема	**Г.Х.Андерсен «Снежная королева»**	
Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке	6.3.7.1 – извлекать необходимую информацию по предложенной теме из различных источников, сопоставляя полученные сведения; 6.2.6.1 – оценивать высказывание (монолог/диалог), составленное с опорой на ключевые слова/ план, с точки зрения полноты, логичности содержания;	
Цели урока	- понимают основное содержание произведения; -извлекают информацию из различного источника, (текста произвдедения и предложенного видеоматериала); -дают оценку поступкам и характерам героев через диалогическую речь	

<table>
<tr><th colspan="5">Ход урока</th></tr>
<tr><th>Этапы урока</th><th>Действия педагога</th><th>Действия учеников</th><th>Оценивание</th><th>Ресурсы</th></tr>
<tr><td>Начало урока
5 мин</td><td>I. Организационный момент.
Психологический настрой.
Создание коллаборативной среды.
Учитель собирает учащихся в круг.
Ученики заканчивают суждение,выбирая карточки:
«Я думаю,что доброта – это…», «Я думаю,что чудеса -…»

- Формирование группы
- Ученики собирают слова в пословицы:
1 Доброе дело и в воде не тонет – 1 группа /Чудеса/
2 Свет не без добрых людей -2 группа /Доброта/
3 Человек без друзей, что дерево без корней-3 группа /Дружба/

Лист самооценивания /спикеры группы ведут учет баллов/</td><td>Учащиеся заканчивают суждения и выбирают карточки</td><td>Комментарий учителя</td><td>Эмоциональный настрой.

(К) «Мои суждения» .</td></tr>
<tr><td>3 мин</td><td>II. Актуализация знаний.
Ученикам будут заданы 7 тестовыхх заданий по пройденному материалу
(ученики отвечают коллективно)</td><td>Ученики решают тесты</td><td>Комментарий учителя карточки</td><td>Платформа</td></tr>
<tr><td>Середина урока
20 мин</td><td>III. Изучение нового материала.

Просмотр видеоматериала

«Снежная королева»

«Чистая доска»
1. Что дала бабушка Герде, когда она отправилась искать Кая? /зеркальце
2.Какая птица направила Герду на корабль? /ворон/
3. Какой герой восхитился решимостью Герды,так как у нее не было друзей? /пиратка - разбойница/
4. Благодаря какому животному Герда достигла Северного полюса? /северный олень/
5. Какое чувство двигало Гердой во время поиска Кая? /любовь, преданность/

- Работа в тетради
Запишите число. Откройте учебник
/упр 9 стр 115

- Чтение по цепочке текста.

Работа в группе:
Задания:
1.Заполните карту. Выделите 3 ключевые слова и 3 ключевые фразы из текста

<table><tr><td>Ключевое слово</td><td>Ключевая фраза</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>Учащиеся просматривают видеоматериал сказки «Снежная королева»

Ученики выбираю на доске верные ответы

Ученики по цепочке читают текст

Ученики заполняют карту в группе

Ученики заполняют пропуски в диалоге</td><td>ФО
Похвала

За 1 верный ответ на карте самооцениваия 1 балл</td><td>

Видеосюжет сказки «Снежная королева»

Карта самооценивания</td></tr>
</table>

7 мин	2. Восстановите пропуски диалога Герды и Кая Кай: Кто ты? Я …… Герда: Кай, милый …… Кай: Герда! Где ……..? Герда: Я так …… 3. Нарисуйте символ сказки. Запишите тремя предложениями, чему учит сказка? -Оценивание групп - Вопросы группам: 1.Почему Кай никак не мог забыть свой родной город,Герду бабушку? 2. Чем отличвается реальный мир от волшебного мира? 3. Какие качества символизирует Герда в сказке? Работа в паре Верно-неверно 1.Дворец Снежной королевы был неживым,ледяным 2. Кай не вспомнил свою подругу Герду 3. Королева улетела в теплые края 4. Через героев Кай и Герда в сказке показана настоящая дружба 5. Жанр произведения «Снежная корлева» относится к рассказу **-Работа в тетради** Запишите в тетради предложения. К выделенным словам подберите антонимы 1. Как здесь холодно,пустынно! 2. Наконец-то я нашла тебя? 3.Лапландка сшила ребятам новое платье	Ученики отвечают на вопросы оценки поступкам героев Ученики определяют верные/неверные утверждения Индивидуальная работа учащихся	«Две звезды одно пожелание» Взаимооценивание Самооцениване	Карта «Верно-неверно» Рабочие тетради
Конец урока **5 мин**	Рефлексия Ручик на середину 1. Почему сказка «Снежная королева» относится к волшебной? 2. Какой герой сказки тебе понравился больше? 3. Что хотел сказать автор сказки детям и взрослым? Д/з упр 12 стр 117	Ученики отвечают на вопросы	Комментарий учителя	Вопросы по уроку

Ракишева Алтын Жолболдыевна
Математика пәннің мұғалімі
№22 жалпы білім беретін орта мектебі
Көкшетау қаласы




ЕКІ ӨРНЕКТІҢ КУБТАРЫНЫҢ ҚОСЫНДЫСЫ МЕН ЖӘНЕ АЙЫРЫМЫНЫҢ ФОРМУЛАЛАРЫ

Пән	Математика
Педагогтің аты-жөні:	Ракишева Алтын Жолболдыевна
Мектеп, сынып	№22 ЖОББМ, 7Ә-сынып
Сабақ тақырыбы	Екі өрнектің кубтарының қосындысы мен және айырымының формулалары
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	7.2.1.11 (a± 〖b)〗 ^3=a^3±3a^2 b+3ab^2±b^3 қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану.
Сабақтың мақсаты	Тақырып аясында берілген есептерді шығара алады, яғни теориялық білімін тәжірибеде қолдана алады.
Жетістік критерийлері	Оқушылар осы тақырып бойынша білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңдері	Сабақта орындалатын іс-әрекеттер	Оқыту ресурстары
Басы 5 минут	**Ұйымдастыру сәті:** • Амандасу; • Сыныпты тексеру; **Үй жұмысын тексеру:** №33.19 «Бағалай білейік» (оқушыларға таратылған бағалау парағына белгілейді) **Сабақта психологиялық ахуал туғызу** Бір,парталаспен қол алыс Екі, қарсыласыңа қол бұлға Үш, қоңақтарға жымиып, басымызды иейік Төрт маған қарап күлімде.	Есептің жауабы презентацияда көрсетіледі. **Бағалау:** Өзін өзі бағалау
Негізгі бөлім Тақырыпты ашу 8 минут	Өткен тақырыптар бойынша білімдерін **білу** үшін төмен және жоғары деңгейлі сұрақтар қою: • Бірмүше дегеніміз не? • Көпмүше дегеніміз не? • Коэффициент дегеніміз не? • Бірмүшені көпмүшеге көбейту дегеніміз не? • Екі өрнектің квадраттарының қосындысы неге тең? Осы формулалар бойынша есептер шығарамыз $(a+b)^3=(a+b)(a+b)^2=(a+b)(a^2+2ab+b^2)=$ $=a^3+2a^2b+ab^2+ba^2+2ab^2+b^3=a^3+3a^2b+3ab^2+b^3$ $\boldsymbol{(a+b)^3=a^3+3a^2b+3ab^2+b^3}$ $(a-b)^3=(a-b)(a-b)^2=(a+b)(a^2-2ab+b^2)=$ $=a^3-2a^2b+ab^2-ba^2+2ab^2-b^3=a^3-3a^2b+3ab^2-b^3$ $\boldsymbol{(a-b)^3=a^3-3a^2b+3ab^2\pm b^3}$	**Бағалау:** • Дұрыс! • Жақсы! Жарайсың! • Өте тамаша! • Керемет!

Оқулықпен жұмыс 8 минут	**№33.12** **Дескриптор** Көпмүшені түрлендіреді Екімүшенің қосындысының формуласын алады.	
Топтық жұмыс 10 минут	1-нұсқа 1.(а-в)3=а3-3а2в+3ав2-в3 2.(а-2)3=а3-6а2+12а-8 3.(а+2х) =а3+6а2х+12ах2+8х3 4.(1/3т+1/2п)3=1/27т3+1/6т2п+1/4тп2+1/8п3 2-нұсқа 1.(а+в)3=а3+3а2в+3ав2+в3 2.(у+3)3=у3+9у2+27у+27 3.(2у-3)3=8у3-36у2+54у-27 4.(1/5а+3в)3=1/125а3+9/25а2в+9ав2+27в3	Есептің жауабы презентацияда көрсетіледі. і. **Бағалау шкаласы:** 4 балл -– «5» 3 балл – «4» 2 балл – «3» 1балл-«2»
Сабақты бекіту 9 минут	Сабақтан алған білімдерін **жинақтау** бойынша кестені толтырады.  Кест е т олт ыру Сұрақтар мен жауаптар | $(x-3y)^2$ | $(2+x)^3$ | $x^3+3x^2y+3xy^2+y^3$ | $x^2+2xy+y^2$ 1 $8+12x+6x^2+x^3$ 2 $(x+y)^3$ 3 $(x+y)^2$ 4 $x^2-6xy+9y^2$ **Рефлексия**  Бағалау Маған қызықты болды Маған қиындау болды Менің көп білгім келеді **Үйге тапсырма:** №33.13	**1-топ:** Ереже түрін толтырады. **2-топ:** Математикалық түрдегі кестені толтырады. https://itest.kz/kz/matematika 

Қосымша ақпарат	
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.
1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?	
Қорытынды бағалау	
Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.	

Тубетбаева Акерке Алибаевна
География-биология пәндерінің мұғалімі
Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж" кешені
Ақтөбе қаласы



СУДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРІТКІШ РЕТІНДЕГІ, ТЕМПЕРАТУРАНЫ САҚТАУ МЕН РЕТТЕУДЕГІ РОЛІ

Бөлім:	
Педагогтің аты-жөні:	Тубетбаева Акерке Алибаевна
Күні:	
Сыныбы:7 “ә”	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	*Судың қасиетін анықтайды* Судың тірі ағзалар үшін маңызын сипаттайды.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5мин	**Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сәлем,сәлем,сәлем !!! Мынау біздің әлем Күлімсіреп қарсы ал Мына жүректі менен (қолымен көрсетеді)   2. Есту аппараттарын тексеру.(Стационарлық,жеке құлаққап) 3. Есту қабілетін дамыту жұмыстары (дауыс экранын пайдалану арқылы сөйлеу тілін дамыту, кезекші дыбыстармен жұмыс,(фонетикалық) сөздік жұмыстары) (нашар еститін оқушылардың жеке ерекшелігін ескеру)			
Engage – Қатыстыру (5мин)	Сурет көрсетіледі  «Су болмаса не болар еді?»	Өз пікірін айтады, болжам жасайды Судың маңызын өмірмен байланыстырады	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыны	

<table>
<tr><td></td><td>Мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады.</td><td></td><td>«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</td><td></td></tr>
<tr><td>Explore – Зерттеу (10 мин)</td><td>Топтарға тапсырма береді:
1. Судың еріткіштік қасиетін зерттеу
2. Температураны сақтау қасиетін сипаттау
3. Судың ағзадағы негізгі қызметтерін анықтау
“Судың тірі ағзадағы 5 қызметін жаз” деп сұрайды.</td><td>ЖИ ұсынған мәліметті талдайды, плакатқа немесе Canva арқылы инфографика түрінде қорытынды жасайды.</td><td>Дескриптор:
Судың қасиеттерін дұрыс анықтайды, дәлел келтіреді</td><td>Тақырыпқа байланысты интернет көздерін пайдалану

ЖИ қолдану: ChatGPT немесе Bing Copilot</td></tr>
<tr><td>Explain – Түсіндіру (10 мин)</td><td>Судың молекулалық құрылымын, сутектік байланыстарды түсіндіреді</td><td>Топтар өз нәтижесін қорғайды, дәптерге жазады</td><td>Судың қасиеттерін мысалмен түсіндіреді</td><td>Презентация, интерактивті тақта</td></tr>
<tr><td>Elaborate – Кеңейту (10 мин)</td><td>Ф.С тапсырмасы
Статистикалық әдіс.
Мәтінді оқып, төмендегі суретпен байланыстыру, берілген математикалық деректерді пайдаланып, есептеп, кестеге толтыру.
«Судың да сұрауы бар»
....Су- тіршіліктің көзі, өмірдің бастауы, адамзаттың қуаты. Онсыз өмір болмайды. Біз бәріміз оны білеміз, сол суды үнемдеу білеміз бе? Дұрыс жабылмаған шүмектен (краннан) 10 минутта 35 мл су ағады екен. Есептеп көріңізші.....
30минутта, 1 сағатта, 3 сағатта, 12 сағатта, 24 сағатта (бір тәулікте) қанша су ысырап болады?
</td><td>.<table><tr><td>Уақыты</td><td>Судың шығын ының мөлшері</td></tr><tr><td>10 мин</td><td>35 мл</td></tr><tr><td>30 мин</td><td></td></tr><tr><td>1 сағ</td><td></td></tr><tr><td>3 сағ</td><td></td></tr><tr><td>12 сағ</td><td></td></tr><tr><td>24 сағ</td><td></td></tr></table>Қорытынды жасап, өз тұжырымын жазады

Мәтінді түсініп оқу үшін ым-ишара тілін қолданады.</td><td>Дескриптор:
- Мәтінді оқып, суретпен байланыстырады
- Математикалық деректерді пайдаланып, есептейді
- Қанша су ысырап болатынына көзін жеткізеді.
- Қорытынды жасап,өз тұжырымын жазады.
ҚБ
</td><td>ДК экраны</td></tr>
<tr><td>Evaluate – Бағалау (5 мин)</td><td>«Бір ауыз сөз» әдісі.
Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.

«Су — өмірдің өзегі» дегенді қалай түсіндіңдер?
- ChatGPT көмегімен алған жаңа ақпарат сендерге қалай көмектесті?

Үй тапсырмасы:
«Судың биологиялық рөлі» тақырыбында мини-буклет дайындау</td><td></td><td>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</td><td></td></tr>
</table>

Наукенов Дармен Дауленбекулы
Физика пәні мұғалімі, магистр, педагог-сарапшы
С.А.Ходжиков атындағы №39 мамандырылған лицей
Алматы қаласы






КӨЗ - ОПТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ, КӨЗДІҢ КӨРУ КЕМШІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ ӘДІСТЕРІ

Бөлім:	**8.4 А Жарық құбылыстары**	
Педагогтің аты-жөні:	Наукенов Дармен Дауленбекулы	
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	8.5.1.15 – көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау	
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар істей алады:** Көздің құрылысы мен оның оптикалық жүйе ретіндегі қызметін түсіндіре алады **Көптеген оқушылар істей алады:** Көздің көру кемшіліктері түрлерін (жақыннан көргіштік, алыстан көргіштік) ажырата алады **Кейбір оқушылар істей алады:** Көру кемшіліктерін түзету әдістерін түсіндіре алады	
Бағалау критерийлері	**көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттайды көздің көру кемшіліктерін анықтап жұқа линзаның формуласын қолданып, қажетті линзаның оптикалық күшін есептейді**	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы				
5 мин	**Ұйымдастыру кезеңі:** **1)Психологиялық ахуал қалыптастыру:** Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын сыныпта жақсы көңіл күй қалыптастыру үшін орнымыздан тұрып, көзімізді жұмып, терең тыныстаймыз да, ауаны іште біраз сақтаймыз. Енді ақырын ауаны шығарамыз, ауаны шығарып жатқан кезде бойымыздағы бар уайым-қайғыны бірге шығарып тастаймыз. (үш рет қайталанады) Жеңілдеп қалдық па? Бойымызда біреуге деген реніште, өкпемізді сақтап жүретін болсақ, денеміз ауырлап, жолымыз болмай, бар қабілетімізді көре алмайтын	Психологиялық ахуал қалыптастыру барысында оқушылар ішкі үрейін жеңеді Топқа бөліну арқылы оқушылар көздің көру қасиеттерін оптикалық заңдылықтармен байланыстырады	**Мақсаты:** Күрделі тапсырмаларды топтық жұмыс арқылы орындатып,	**http://castlots.org/**

	жағдайға жететін боламыз. Сондықтан да ішімізде өкпе-реніште сақтамау керек. **Топқа бөлу: «http://castlots.org/»** платформасы арқылы топқа бөлу **1-топ : “ Линза”** **2-топ : “Оптикалық күш”** **3-топ : “ Фокус”** **Бағалау парағы таныстырылады.** Мұғалім тарапынан сабаққа белсенді қатысып отырған оқушыларға фигуралар беріледі. Әр фигура 1 ұпайға тең. Сол арқылы оқушыға формативті баға қойылды.	Мұғалім тарапынан ұсынылған фигураларды жинауға тырысады. Сабаққа белсенді қатысады.	оқушылардың белсенділігін арттыру. **Мақсаты:** Өзінің жинаған ұпайын көріп, біліп отырған оқушының сабақта белсенділігі артады	
5 мин	**Өткен тақырыпты пысықтау: «Фокус ауыстыру»** әдісі бойынша үй тапсырмасын сұрау. **Мұғалімнің сөзі:** Балалар, менің қолымда линзаның екі түрі бар. Осы екі линзаның түрін анықтаймыз. (Оқушыларға линза беріледі. Линзаның түрін қызметін анықтайды) **Дескриптор:** - линзалардың түрін ажыратады; - линзалардың өмірде қолдану мақсатын айқындайды. **Тақырыпты болжау: Жұмбақ шешу** Өзгені көріп екеуі, Бір – бірін көрмей кетеді. **(Көз)** **Мұғалім сөзі:** Дұрыс айтасыздар. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы көзге байланысты. **3) Сабақ тақырыбын және оқу мақсатын таныстыру** **8.5.1.15 көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау**	Оқушылар линзаны қолдана отырып, оның түрлері мен қызметін айқындап түсіндіреді. Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағалау парағына ұпайларын қояды. Жұмбақтың шешімін тауып, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.	Мұғалім жақсы жауап берген оқушыларға фигуралар береді. **«Бір минут» әдісі** арқылы оқушылар бір-біріне кері байланыс береді. **Мақсаты:** Оқушылардың ойын шоғырландыру, жаңа сабаққа зейінін аудару	**Линза**
Сабақтың ортасы				
5 мин	**Жаңа сабақты меңгертуде төмендегідей технологиялар пайдаланылады:** - «Диалогтік оқыту» технологиясы; - «Проблемалық оқыту» технологиясы: - «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы; - «Жобалап оқыту» технологиясы. **«Сұрақтар ілмегі» әдісі** негізінде бірнеше сұрақтар қойылады. - Кез келген тіршілік иесіне көздің қажеттілігі	Оқушылар жаңа сабақты меңгеру кезінде, мұғалім қойған сұрақтарға өмірмен байланыстырып жауап береді. Көз өткірлігін тексеретін кестені пайдаланады. Көз кемшілігі бар адамға қажетті линзаның	Мұғалім жақсы жауап берген оқушыларға фигуралар береді. **Мақсаты:** оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру	Көз өткірлігін тексеретін кесте, көзілдірік Бейнеролик

	неде деп ойлайсыздар? **«Ой қозғау» әдісі** арқылы оқушыларға көз туралы бейнеролик көрсетіледі. **Мұғалім сөзі:** Сен мына-жанарымның ішіндесің, Жанардың білесің ғой кішірмесін. Ішіне жанарыңның сақта мені, Біреулер көлеңкесін түсірмесін. Балалар, осы өлең жолдарындағы көзге қатысты қандай сөз берілген? Қазақта сөз бар «жанарың сөнбесін» деген сөз бар. Қашанда әлемді көріп, қоршаған ортаны танып тұрған екі көзіміздің көру жанары сөнбеу керек. Көз жанарымызды күту керек. **«Жобалап оқыту» технологиясы** арқылы әр топ өзіндік жұмыстарын жасау барысында болашақтағы ғылыми жобаларын негізін жасайды. **Формула:** 1/F = 1/d_0 - 1/d , Линзаның оптикалық күші (D = 1/F) 	оптикалық күшін анықтайтын формуланы қолданады.		
15 мин	**Бағалау критерийі:** көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттайды, көздің көру кемшіліктерін анықтап жұқа линзаның формуласын қолданып, қажетті линзаның оптикалық күшін есептейді **Топтық жұмыс** **<u>«Линза» тобы</u> «Ойлан. Бөліс» әдісі бойынша** көздің қызметі мен құрамдас бөліктерін	Топтық жұмыс барысында оқушылар көздің қызметі мен құрылысын сипаттап, түсіндіреді. Плакатқа көз құрылысын бейнелейді.	Мұғалім топта белсенділік танытқан оқушыларға фигуралар береді.	Плакат, түсіндірме қағаздары, ғылыми мақалалар мен зерттеуде өз нәтижесін берген практикалық жұмыстар

	сипаттай отырып, көздің құрылымын таныстырады.  **Дескриптор:** - көздің тіршіліктегі қызметін түсіндірді; - көздің құрылысын сипаттайды. **<u>«Оптикалық күш» тобы</u>** **«Зерттеу» әдісі бойынша** көздің көру кемшіліктері және оны түзету әдістерін түсіндіріп, көз кемшілігінің туындатпаудың алдын алу жолдарын қарастырады.  **Дескриптор:** - Көздің көру кемшіліктері туындайтын себеп-салдарды анықтайды; - Пайда болған көз кемшілігін түзетудің жолын қарастырады; - Көз көруін, күтімін сақтау үшін кеңес береді. **<u>«Фокус» тобына</u> «Ізден, тап!» әдісі** бойынша жағдаяттық тапсырма беріледі. **Жағдаяттық тапсырма:** Али көз дәрігеріне келеді. Оның 40 см қашықтықтан анық көре алатындығы анықталды. 🔷 **Сұрақтар:** 1. Алидің көзі қандай кемшілікке ие және оған қандай линза қажет болады? 2. Алиге қажетті линзаның фокус арақашықтығы қандай болу керек? Формула: $1/F= 1/d_0 - 1/d$ 3. Линзаның оптикалық күшін есептеңіз (D = 1/F) **Дескриптор:** - көз өткірлігін тексеретін кестені пайдаланады. - қажетті линзаның түрін	Оқушылар көздің көру кемешілігінің себебін тауып, оны түзетудің әдіс-тәсілдерімен бөліседі. Көз көруін сақтау мен көз күтімі туралы кеңестер береді. Оқушылар топ мүшелерімен бірлесе отырып, Алиге қажетті линзаны анықтап, формуланың көмегімен фокус аралығын есептейді, линзаның оптикалық күшін анықтайды.	**«Бір ауыз сөз»** әдісі арқылы топ бір-біріне кері байланыс береді. Топ бір-бірінің жұмысын бағалайды. **Мақсаты:** көздің көру кемшіліктері мен түзету жолында оның құрылысы, қызметін айқындау	

	анықтайды; - формуланың көмегімен фокус аралығын есептейді. - линзаның оптикалық күшін анықтайды. **ЕББҚ оқушылар үшін саралау тапсырмасы: «Қолдау» әдісі** сыныптағы топтық жұмыста үлгерімі, белсенділігі төмен оқушыларға қосымша үлестірме қағаздарын беру арқылы қолдау көрсетіледі.			
2 мин	**Сергіту сәті** Оқушыларды орнынан тұрғызып, көзге арналған жаттығуларды жасалады.	Мұғалім көрсеткен жаттығуларды орындайды.	**Мақсаты:** Көзге күтім жасауға және көру қабілетін арттыруға дағдыландыру	
5 мин	**Жұптық жұмыс** **«Көршіңмен сырлас» әдісі** арқылы функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында PISA тапсырмаларына негізделген тапсырмалар беріледі. **1-тапсырма** Мадина тақтадан жазылған жазуды көре алмайды, бірақ қолындағы кітапты оқи алады. Дәрігер оның миопия диагнозын қойды. 🔷 **Сұрақтар:** **1-жұпқа.** 1. Мадинаның көру кемшілігі қандай? **2-жұпқа.** 2. Оның көруін түзету үшін қандай линза қажет? **3-жұпқа.** 3. Бұл линза кескінді қай жаққа жылжытады? **2-тапсырма** Ақбота мен Нұрбек көз дәрігеріне қаралды. Ақбота алыстан көре алмайды (–2 дптр), Нұрбек жақыннан көре алмайды (+3 дптр). 🔷 **Сұрақтар:** **4-жұпқа.** 1. Қайсысы жинағыш линза қолданады? **5-жұпқа.** 2. Неліктен Ақботаға шашыратқыш линза қажет? **6-жұпқа.** 3. Егер линзаның фокус арақашықтығы 50 см болса, оның оптикалық күші қандай? **7-жұпқа.** 4. Қайсысының кескіні тор қабықтың алдында қалыптасады? **3-тапсырма.** **8-жұпқа**. Сіз көз дәрігерісіз. Ата-ана баласының көру қабілетінен шағымданып келді. Сіздің	Алған білімдерін жағдаяттық тапсырманы шешуде қолданады.	Мұғалім жағдаяттық тапсырманы шешіп, белсенділік танытқан оқушыларға фигуралар таратады. **«Жетістік шыңы» әдісі** арқылы оқушылар бір-бірінің жұмысына кері байланыс береді.	

	алғашқы іс-әрекетіңіз бен ата-анаға беретін кеңесіңіз қандай болушы еді? **Дескриптор:** - линзалардың түрлерін ажыратады; - көздің оптикалық құрылымын біледі; - көздің көру қабілетін арттыратын әдіс-тәсілдерді айтады.			
5 мин	**Жаңа сабақты бекіту** **Жеке жұмыс. «Кім жылдам» әдісі** бойынша жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтар. Сабақтың барысында мынандай сұрақтар беріледі: 1. Жүріп бара жатып кітап оқу неге зиян? 2. Көзге неліктен жаттығулар жасау керек? 3. Неліктен компьютерде жұмыс істеу уақытын шектейді? 4. Көздің көру кемшіліктері дегеніміз не? 5. Көздің көру кемшілігіне қатысты линзаның оптикалық күші қандай формуламен анықталады? **Дескриптор:** - көздің көру мүмкіндігін ескереді - көз көру кемшілігін түзетудің жолын айтады; - көру қабілетін төмендететін зиянды іс-әрекеттерді анықтайды; - линзаның оптикалық күшінің формуласын біледі.	Сабақ бойынша алған білімдері негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. Жүріп бара жатып кітап оқудың көзге зиян болуының себебін, көзге неліктен және қандай жаттығулар жасау керек екендігіне мысалдар келтіреді, компьютерде жұмыс істеу уақыты шектеулі екенін біледі.	Сұрақтарға белсенді жауап берген оқушыларды бағалау үшін арнайы фигуралар беріледі. **«Жетістік баспалдағы» әдісі** арқылы оқушылар бір-біріне кері байланыс береді.	**https://wordwall.net/ru/resource/51637220** интерактивті тақта
Сабақтың соңы				
3 мин	**Маман кеңесі.** Оқушыларға көз туралы бейнеролик көрсетіледі. **Сабақ соңында оқу мақсатына қайта оралады.** 8.5.1.15 көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау **Бағалау** **Рефлексия** Padlet платформасы арқылы рефлексия алынады **Үй тапсырмасы:** Тақырыптың соңындағы сұрақтарға жазбаша жауап беру. 1-7 сұрақ 213 бет	Оқу мақсатына жеткендігін айтады. Бүгінгі сабақтан түйгендерін, қиын болған дүниені, ұсыныстарын айтады.	**Мақсаты:** өз іс-әрекеттерін бағамдауға, бақылауға баулу	**Бейнеролик** **https://padlet.com/**

Демеуова Айжамал Жумановна
Бастауыш сынып мұғалімі
№102 орта мектеп
Астана қаласы, Сарайшық ауданы

ГРАФИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР АРҚЫЛЫ ӘДЕМІ ЖАЗАЙЫҚ

Аннотация: *мақалада бастауыш сынып оқушыларын әдемі және сауатты жазуға үйретудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Графикалық элементтерді пайдалану арқылы жазу дағдысын қалыптастырудың психологиялық, когнитивтік және эстетикалық аспектілері сипатталады. Автор жазуға үйретудің тиімді әдістерін, оның ішінде графикалық жаттығулар мен инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығын көрсетеді.*

Кілт сөздер: *графикалық элемент, жазу дағдысы, бастауыш сынып, каллиграфия, эстетикалық тәрбие, ұсақ моторика, когнитивтік даму, визуалды қабылдау, әдістеме, жазу мәдениеті.*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде бастауыш мектеп оқушыларының тіл мәдениетін, жазу сауаттылығын және эстетикалық талғамын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әдемі, анық және сауатты жазу - баланың жалпы мәдениеттілігінің, зейінінің, ұқыптылығы мен еңбекқорлығының көрсеткіші. Сол себепті «графикалық элементтер арқылы әдемі жазайық» тақырыбы бастауыш білім беру әдістемесіндегі маңызды бағыттардың бірі ретінде ерекше мәнге ие. Бұл әдіс жазу дағдысын жетілдірумен қатар, баланың ойлау, есте сақтау, көру және қозғалыс координациясын дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Графикалық элементтер — әріптердің құрылымдық бөліктерін, олардың пішінін, сызықтық және доғалық байланысын меңгертуге бағытталған педагогикалық жүйе. Мұндай элементтермен жұмыс істеу арқылы оқушылар әріптердің жазылу логикасын түсінеді, сызықтардың көлбеулігі мен биіктігін реттеуді үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушының қол моторикасын дамытып, көзбен бағдарлау қабілетін күшейтеді. Әдемі жазуға үйрету тек техникалық әрекет емес, ол баланың жеке тұлғалық қасиеттерін, эстетикалық сезімін және тіл мәдениетін қалыптастыру үдерісі.

Бастауыш сыныптағы жазу сабағы — күрделі психофизиологиялық процесс. Себебі бала бір мезетте әріптің бейнесін есте сақтап, оның дыбыстық мағынасын еске түсіріп, қолмен қағаз бетіне дәл бейнелеуі керек. Бұл әрекетке мидың екі жарты шары, көру және моторлық жүйелер, зейін мен есте сақтау қызметтері бір уақытта қатысады. Сондықтан жазуға үйрету барысында графикалық элементтерді жүйелі түрде қолдану баланың когнитивтік дамуына зор әсер етеді.

Әдемі жазуға баулу — тек жазу үлгісін көрсету ғана емес, ол — оқушының кеңістіктік ойлауын, моторлық дәлдігін, эстетикалық талғамын дамыту үдерісі. Мұғалім әр әріптің пішінін, сызықтардың бағытын, доғалардың дөңестігін көрсетіп, балаларды жазу мәдениетіне баулиды. Мысалы, «а» әрпінің дөңгелек бөлігі мен тіке сызығының үйлесімділігі, «л» әрпінің биіктігі мен көлбеу сызықтарының арақатынасы — бұлар баланың графикалық қабылдауын жетілдіреді.

Жазуға үйретуде баланың қол бұлшықеттерінің дамуы, саусақтардың икемділігі, көз-қол координациясы шешуші рөл атқарады. Осы мақсатта графикалық жаттығулар — тік, көлбеу, доға, ирек сызықтар, нүктелер мен фигуралардан құралған тапсырмалар жиі қолданылады. Бұл жаттығулар баланың қол моторикасын жетілдіріп қана қоймай, оның зейінін тұрақтандырып, көзбен қабылдау дәлдігін арттырады.

Ғылыми тұрғыда дәлелденгендей, жазу үдерісі нейропсихологиялық даму мен когнитивтік қабілеттердің артуына тікелей әсер етеді. Әріптерді қолмен жазу кезінде мидың бірнеше аймақтары белсенді жұмыс істейді: маңдай бөлігі жоспарлау және бақылау қызметін атқарады, самай бөлігі дыбыстық бейнені таниды, ал шүйде бөлігі визуалды пішіндерді

қабылдайды. Осылайша, жазу — баланың ойлау мәдениетін, есте сақтау қабілетін және танымдық белсенділігін дамытудың маңызды құралы.

Бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдысын қалыптастыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігі ерекше рөл атқарады. Мұғалім тек жазу техникасын үйретуші ғана емес, ол — оқушылардың эстетикалық талғамын, ұқыптылық мәдениетін қалыптастыратын тұлға. Сабақ барысында әріптің сұлулығы, сызықтардың біркелкілігі, арақашықтықтың үйлесімі жайлы жүйелі түсінік беру арқылы мұғалім оқушыларды әдемілік пен тәртіпке баулиды.

Оқыту үдерісінде баланың қызығушылығын арттыру үшін жазу сабақтарын ойын элементтерімен, шығармашылық тапсырмалармен және заманауи технологиялармен толықтыру тиімді. Мысалы, «Графикалық лабиринт», «Әріпті жалғастыр», «Сызық арқылы сурет сал» сияқты жаттығулар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейінін тұрақтандырады. Сонымен қатар, интерактивті тақта мен графикалық планшеттерді пайдалану арқылы әріп жазу үлгілерін визуалды түрде көрсету балалардың есте сақтауын жеңілдетеді.

Графикалық элементтерді үйрету кезінде баланың жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды. Әр оқушының жазу қарқыны, көзбен қабылдау жылдамдығы, саусақ қимылдарының дәлдігі әртүрлі болады. Мұғалім осы ерекшеліктерді байқап, жеке бағытталған тапсырмалар ұсынуы керек. Мысалы, қол бұлшықеттері әлсіз дамыған балаға кең сызықтар мен ірі әріптермен жұмыс ұсынылады, ал жоғары деңгейдегі оқушыларға ұсақ және күрделі элементтер беріледі.

Жазуға үйрету процесі тек қана моторлық дағды емес, сонымен бірге эстетикалық сезім мен мінездің тұрақтылығын дамытатын психологиялық фактор. Әдемі жазу баланы ұқыптылыққа, табандылыққа, шыдамдылыққа баулиды. Бұл қасиеттер кейін оқу әрекетінде де, өмірлік дағдыларында да маңызды рөл атқарады.

Жазу дағдысын қалыптастыру барысында графикалық мәдениеттің негіздері қаланады. Әріптерді біркелкі, ырғақты және дәл жазу арқылы балада ішкі тәртіп пен жауапкершілік сезімі дамиды. Әрбір жазу тапсырмасы тек техникалық емес, тәрбиелік мәнге де ие болуы тиіс.

Қазіргі таңда жазуға үйрету әдістемесінде цифрлық технологиялардың да үлесі артып келеді. Компьютерлік және планшеттік жазу бағдарламалары, интерактивті жаттығулар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Алайда мұндай технологиялар дәстүрлі қолжазбаны алмастырмауы керек, керісінше оны толықтырушы құрал болуы тиіс. Себебі қолмен жазу арқылы адам ойды тереңірек түсінеді, ақпаратты жақсырақ есте сақтайды және шығармашылық белсенділігі артады.

Оқыту процесінде мұғалім оқушының әрбір жетістігін байқап, оны мадақтап отыруы қажет. Әдемі жазылған әріпке немесе жақсартылған жазу сапасына жылы пікір білдіру оқушының мотивациясын арттырады. Мұндай қолдау жүйелі болса, бала өз еңбегінің нәтижесін көреді және одан әрі жетілуге ұмтылады.

Эстетикалық тәрбиенің маңызды бөлігі ретінде жазу мәдениеті баланың жалпы дүниетанымына әсер етеді. Жазу арқылы бала өз ойын реттеуді, тәртіп пен үйлесімділікті сезінуді үйренеді. Осы тұрғыда «графикалық элементтер арқылы әдемі жазайық» әдісі тек жазуға үйретудің тәсілі емес, тұлғаның үйлесімді дамуына бағытталған педагогикалық жүйе болып табылады.

Бастауыш мектеп тәжірибесінде мұндай жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін әдістемелік жоспар құру маңызды. Мысалы, әр сынып деңгейіне сәйкес келетін графикалық элементтердің тізбегін жасап, апталық кестеге енгізу қажет. Бірінші сыныпта негізгі сызықтар мен доғалар, екінші сыныпта әріптік байланыстар, үшінші-төртінші сыныптарда сөздік жазу мәдениеті дамытылады.

Жазу процесінде оқушының назарын әріптің эстетикалық пішініне ғана емес, оның мағыналық мазмұнына да аудару маңызды. Баланы жазу кезінде ойлануға, әр сөздің мағынасын түсінуге, сөйлем құрылымын сезінуге үйрету жазу мәдениетін тереңдетеді. Мұндай тәсіл тілдік және когнитивтік дамудың синергиясын қалыптастырады.

Қазіргі педагогика ғылымы жазу мәдениетін дамытудың психолингвистикалық негіздерін де қарастырады. Әріптер мен сөздердің құрылымын визуалды қабылдау мен

моторлық әрекет арасындағы байланыс баланың тілдік қабілеттерін кеңейтеді. Осы арқылы бала жазуды тек техникалық емес, тілдік әрекет ретінде қабылдайды.

Қорыта келгенде, графикалық элементтер арқылы әдемі жазуға үйрету бастауыш мектептегі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл әдіс тек каллиграфиялық әдемілікті емес, тұлғаның ойлау мәдениетін, зейінін, ұқыптылығын және шығармашылық қабілетін дамытады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік ізденісі арқылы әрбір бала жазу өнерінің нәзік сырын меңгере алады. «Әдемі жазу — әдемі ойдың көрінісі» қағидасы негізінде жазу мәдениетін қалыптастыру — бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтмұханбетова Г. «Көркем жазу мәдениетін қалыптастыру әдістері». – Алматы: Фолиант, 2020.

2. Жиенбаева С. «Бастауыш мектепте жазуға үйретудің әдістемесі». – Алматы: Рауан, 2021.

3. Құсайынова Ә. «Жазу сабақтарында графикалық элементтердің рөлі». – Педагогика журналы, №4, 2023.

Төренова Самал Алпысбайқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
“Х.Досмұхамедұлы атындағы №35 орта мектебі” КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім мазмұны жағдайында мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдаудың тиімді тетігі ретінде Lesson Study әдісін қолдану тәжірибесі қарастырылады. Зерттеу барысында 5-сыныптарда жүргізілген Lesson Study циклдері талданды, мұғалімдердің бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың оқу мотивациясы мен белсенділігін арттыру тәсілдері сипатталды. Мақалада А, В, С деңгейіндегі оқушылардың ерекшеліктері анықталып, оқытудағы топтық, жұптық және жеке жұмыс түрлерінің тиімділігі салыстырылды. Lesson Study тәсілін қолдану мұғалімдердің зерттеушілік қабілетін арттырып, оқыту мен оқудағы практикалық әдістерді жетілдіруге, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні дәлелденді.*

Кілт сөздер: *Lesson Study, кәсіби даму, педагогикалық зерттеу, бірлескен оқыту, топтық жұмыс, сыни тұрғыдан ойлау, білім беру реформасы, оқыту тәжірибесі, ынтымақтастық, рефлексия.*

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім мазмұнын жаңарту бағдарламасының енгізілуімен үлкен өзгерістер болып жатыр. Мектепте басталған реформалардың табысты болуы көп жағдайда оның кәсіби дайындығына, ішкі сеніміне байланысты. XXI ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты арттыруды көздейді, оның аясында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, жаңашыл және тиімді идеялармен алмаса алады, сол арқылы оқыту мен оқудағы практикалық тәсілдердің әсерін арттырады. Мұндай жағдайда мұғалім дәстүрлі білім берудің ескірген стереотиптерін бұзатын білікті практик, зерттеуші, бақылаушы болуы керек. Мұғалімдердің әрқайсысы «Балаларды қалай оқыту керек?», «Оқушыларды білім алуға қалай ынталандыру керек?», «Оқудағы қиындықтарды қалай жеңуге болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Осы мәселелік жағдаяттардың шешімі мектептегі оқыту тәжірибесінде Lesson Study әдісін қолдану болды.

Lesson Study – педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық технология, оның өзі сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше объектісі болып табылады. Бұл педагогтар тобы бірлесіп жоспарлайтын, оқытатын, бақылайтын және талдаған кемінде үш деңгейді қамтитын цикл. Lesson Study көмегімен педагогтар өз зерттеулері мен оқуларын демократиялық жолмен жүргізе алады, білім сапасына әсер ете алады. Lesson Study технологиясы оқушылар мен мұғалімдердің қателіктерін көруге, одан қалай құтылуға болатынын түсінуге, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Негізінде Lesson Study – мұғалімдерді оқытудағы және олардың оқыту мен оқу тәжірибесін дамытудағы бірлескен технология.

Lesson Study-дің ерекшелігі мынада:

- Біріншіден, сабақ-зерттеу – мұғалімдер ұжымы жүзеге асыратын ұзақ процесс;
- Екіншіден, ол оң динамикаға, сабақтарды өзгертуге және жақсартуға бағытталған практикалық және зерттеушілік сипатта. Белгілі бір сыныпта оқытудағы негізгі мәселе мәліметтерді жүйелі жинау және талдау арқылы шешіледі;
- Үшіншіден, бұл - топтық жұмыс, мұнда қызығушылық танытқан мұғалімдер тобы зерттеу сабағының үш циклі ішінде белгілі бір сыныпта оқытудағы өзекті мәселені шешу бойынша зерттеулер жүргізеді;
- Төртіншіден, іс-әрекеттегі зерттеудің үш циклі кезінде нақты рефлексия мен нақты нәтижелерді алу үшін талқылау мен талдау көзі қызметін атқаратын мәліметтерді жинауды жүйелеу мен талдауға ерекше көңіл бөлінеді;
- Бесіншіден, жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату мақсатында үш цикл бойынша сабақ-зерттеу жұмыстарының бүкіл процесі хаттамаға жазылады.

Lesson Study зерттеуі үшін мектебіміздің әкімшілігі 5 сыныптарын таңдады. Осы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер ұжымы құрылды. Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінді: модератор, сабақты жүргізетін мұғалім, АВС деңгейлі білім алушылардың назарын бақылаушылар, хатшы және оператор.

Алдағы уақытта осы үш санаттағы оқушыларды оқыту мен дамытуға көңіл бөлінді.

Алдымен мектеп психологымен бір топ мұғалімдер құрастырған оқушылармен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей:

- А деңгейіндегі оқушы сауалнамаға жауап бергенде оқуға деген ынтасы жоғары, тапсырманы орындауда сенімді және өзіне сенімді көшбасшы ретінде танылады;
- В деңгейлі оқушының оқуға деген қызығушылығы нақты белгіленген тапсырманы орындауда аздап қиындайды, көшбасшылық қабілеттерін арттыруды талап етеді;
- С деңгейіндегі оқушының оқуға деген қызығушылығы төмен, тапсырманы орындау кезінде басқалардың көмегіне жүгінеді.

Зерттеу Lesson Study тәсілі арқылы әртүрлі тақырыпта ұйымдастырылды. Әр мұғалім қатарынан 4 сабақ берді. Жұмысты бастамас бұрын фокус-топ отырысы өтті. Мұғалімдерге сабақ өткізу мақсаты қойылды. Сабақта топтық жұмыс, ауыспалы композиция жұбы, тұрақты композиция жұбы және жеке жұмыс болып 4 түрде жұмыс жасаймыз деп шештік. Сабақтың барлық формаларын салыстыра отырып, тиімдісін таңдаймыз. Барлық сабақтарда мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлау құралдарын пайдалана отырып оқытуды қарастыруы қажет. Топтық жұмыс формасында оқушылардың бір-бірімен қалай әрекеттесетінін, оқу процесіне барлығының қатысатынын, жұппен оқытуда бірігіп білім игеретінін, бір-біріне сұрақ қоюды, оларға жауап беруге және өзара тексеруге үйренетінін анықтау қажет. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ашылуына, өзін-өзі танытуына көмектеседі.

Мұғалімдердің негізгі міндеті – сабақтың барлық кезеңдерінде белсенділікті, қызығушылықты, қозғалысты сақтау.

Дәл Lesson Study тәсілі білім алушылардың жаңа идеялар мен ақпаратты өз сөздерімен қаншалықты жеткізетінін ашады. Оқушылар өз контекстінде түсінгендерін өз сөздерімен

айтып, жақсы есте сақтайды, сондай-ақ балалардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін қызу пікір алмасулар орын алады.

Мұғалімнің міндеті:

- оқушылардың күш-жігерін белгілі бір бағытқа бағыттайды;
- өз бетінше шешім қабылдауға ынталандыратын жағдайлар жасайды;
- білім алушыларға өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік береді;
- бар жағдайлардың ішінде жаңа когнитивті жағдаяттарды дайындайды.

Зерттелетін сынып оқушыларына сауалнама жүргізу және бақылаушылардың бірлескен талқылауы, Lesson Study әдісін қолдану нәтижелерін ұсыну мұғалімдерге сабақты қалай құру керектігін, оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдер мен оқыту әдістерін қолдану керектігін көруге мүмкіндік береді.

Мысалы, зерттеу жүргізілетін сабақ барысында А деңгейлі оқушылар топпен жұмысты ұйымдастыруға тырысты, балаларға бағыт-бағдар беріп, көмектесті, сол арқылы өзінің көшбасшылық қасиеттерін дамытты.

В деңгейлі оқушылар өз бетімен, жеке жұмыс жасауды жөн көрді. Бұрын топпен жұмыс істеу дағдысы болмағандықтан, ол постерде практикалық жұмысты талқылауға белсене қатыса бастады, жұптағы досына көмектесті. Бұл оның әлеуметтік аспектідегі өсуін көрсетеді

Оқыту барысында С1 оқушыларын бақылай отырып, мұғалімге оқушылардың топтағы рөлін анықтауға ұсыныстар берілді, себебі топтың бір мүшесі ретінде барлығымен бірдей жауапкершілікке ие, бұл оның сабаққа тыңғылықты дайындалуына және сабақта белсенді жұмыс істеуіне көмектеседі. Уақыт спикері ретінде өз міндетін анық орындады.

Шығармашылық үй тапсырмасын бірлесе орындау С2 оқушысының өз бетімен ұқсас тапсырмаларды дайындауға деген құштарлығын оятты.

Мектебімізде оқыту мен оқу тәжірибесіне Lesson Study әдісін енгізу сәтті жүзеге асырылуда. Балалар сабаққа қуана келеді. Мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетіне бағытталған мақсаттар зерттелетін сыныптағы мәліметтерді талдау және жинақтау негізінде өз нәтижесін көрсетіп, мәселелік тақырыпты шешуге ықпал етті.

Lesson Study технологиясының нысандары мен әдістерін тәжірибеге енгізу кезінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейі келесі әрекеттерде атап өтілді:

- оқушылардың әртүрлі көзқарастары қалыптасты, өз пікірін толық қорғауға, сыныптастарының пікірлеріне сыни көзқараспен қарауға үйренді;
- оқушылар бір-бірін сыйлауға, ұсыныс жасауға, тыңдауға үйренді.

